

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика
академиясы**

“Гигиена – 1 және эпидемиология” кафедрасы

**Тақырыбы : “Денсаулық сақтау жүйесі және халықтың денсаулығы”
туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің негізгі қағидалары.
“Саламатты Қазақстан” бағдарламасы.**

Орындаған : Гайбуллаева Г.
Тобы : 405 б ҚДС
Қабылдаған :

Жоспар :

- I.Кіріспе
- II.Негізгі бөлім
 - 1. “Денсаулық сақтау жүйесі және халықтың денсаулығы” туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің негізгі қағидалары.
 - 2. “Саламатты Қазақстан” бағдарламасы.
- III.Қорытынды
- IV.Пайдаланылған әдебиеттер

I. Кіріспе

- 2010 жылғы 29 қарашада Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы Мемлекеттік бағдарлама «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығын іске асыру мақсатында бекітілген. Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты елдің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесі және халықтың денсаулығы” туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің негізгі қағидалары.

- Медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 58–бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы заңнамасына сәйкес, денсаулық сақтау субъектісіне бармай-ақ бақылаудың басқа нысандары шеңберінде меншік нысаны мен ведомстволық тиесілігіне қарамастан, денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық қызметтердің сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

- 1) ауруханаішілік комиссиялар – стационарлық көмек көрсету ұйымдарында құрылатын комиссиялар (ауруханаішілік инфекциялардың профилактикасы бойынша, өлім жағдайларын қарау бойынша);
- 2) клиникалық аудит – денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкестік тұрғысынан жүргізілген емдеу-диагностикалық іс-шараларды егжей-тегжейлі ретроспективалық және/немесе ағымдық талдау;
- 3) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау индикаторлары (бұдан әрі–бағалау индикаторлары) – медициналық қызметтердің тиімділігін, толықтығын және денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкестігінің көрсеткіштері, олар мыналарды қамтиды:
 - құрылым индикаторлары – кадр, қаржы және техникалық ресурстармен қамтамасыз ету көрсеткіштері;
 - процесс индикаторлары – профилактика, диагностика, емдеу және оңалту технологияларының орындалуын бағалау көрсеткіштері;
 - нәтиже индикаторлары – денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмек көрсетуі немесе көрсетпеуі нәтижесіндегі денсаулық үшін салдарды бағалау көрсеткіштері;

- 4) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасына сараптама (бұдан әрі – сараптама) – тиімділігі, толықтығы мен медициналық қызметтердің денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкестігінің көрсеткіші көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын бағалау индикаторларын пайдалана отырып, жеке және заңды тұлғалар ұсынатын медициналық қызметтер сапасының деңгейі бойынша қорытынды шығару үшін жүзеге асырылатын ұйымдастыру, талдамалық және практикалық іс-шаралардың жиынтығы;
- 5) ретроспективалық талдау – бұрын медициналық көмек алған пациенттердің медициналық құжаттамаларын зерделеу негізіндегі талдау;
- 6) сыртқы индикаторлар – денсаулық сақтау субъектілерінің әрбір құрылымдық бөлімшелерінің медициналық қызмет көрсету тиімділігін, толықтығын және медициналық қызметтің сапасын бағалау мен сараптауды жүргізу мақсатында оның денсаулық сақтау саласы стандарттарына сәйкестігін сипаттайтын сыртқы сараптамада қолданылатын көрсеткіштер;

- 7) тәуелсіз сарапшы – денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін аккредиттелген жеке тұлға;
- 8) ішкі бақылау (аудит) қызметі (бұдан әрі – Қызметі) – денсаулық сақтау ұйымы деңгейінде медициналық қызмет көрсету сапасын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының құрылымдық бөлімшесі;
- 9) ішкі индикаторлар – денсаулық сақтау субъектілерінің әрбір құрылымдық бөлімшелерінің медициналық қызметтер тиімділігін, толықтығын және медициналық қызметтің сапасын бағалау мен сараптауды жүргізу мақсатында оның денсаулық сақтау саласы стандарттарына сәйкестігін сипаттайтын ішкі сараптамада қолданылатын көрсеткіштер.

Сараптаманың негізгі қағидаттары:

- 1) объективтілік – сараптаманы жүзеге асыру кезінде денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды қолдану;
- 3) жүйелілік – сараптаманы құрылым индикаторларының, процесі мен нәтижесінің өзара байланысын жүзеге асыру;
- 2) ашықтық – тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган мамандарының қатысуынсыз тәуелсіз сарапшылардың өз бетінше денсаулық сақтау субъектілері өкілдерінің қатысуынсыз сараптаманы жүзеге асыру.

Қызметтің функцияларына мыналар жатады:

- 1) жеке үдерістер мен рәсімдерді бағалау, денсаулық сақтау стандарттарын енгізу, осы Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген ішкі индикаторларды қолдану бойынша денсаулық сақтау ұйымы бөлімшелері қызметінің тиімділігін талдау;
- 2) ауруханаішілік комиссиялар қызметін талдау;
- 3) денсаулық сақтау ұйымының басшылығына тиісті басқару шешімдерін қабылдау үшін талдау нәтижесінде анықталған мәселелер туралы ақпарат беру;
- 4) денсаулық сақтау ұйымының персоналына медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша оқыту және әдістемелік көмек;
- 5) ұйымдағы пациенттерге медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары туралы денсаулық сақтау ұйымы қызметкерлерінің пікірін зерделеу және персоналды хабардар ету;

Ішкі сараптама жүргізу барысында:

- 1) медициналық қызметтерді көрсету технологияларының денсаулық сақтау саласындағы белгіленген стандарттарға сәйкестігі бағаланады;
- 2) кадрлық және материалдық-техникалық ресурстарды пайдаланудың қамтамасыз етілуі және тиімділігі бағаланады;
- 3) медициналық қызметтер сапасына негізделген шағымдардың саны бойынша көрсетілетін медициналық қызметтердің деңгейі мен сапасына азаматтардың қанағаттанушылық дәрежесі пациенттерге және (немесе) олардың туыстарына сауалнама жүргізу жолымен айқындалады;
- 4) пациенттердің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу құқығының сақталуы және пациенттердің жүргізіліп отырған инвазивтік араласу туралы хабардар болуы бағаланады;
- 5) анықталған кемшіліктерді жою және алдын алу бойынша ұсынымдар әзірленеді.

Сыртқы сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу:

- 1. Комитет сыртқы сараптаманы денсаулық сақтау саласындағы тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүргізеді.
- 2. Сыртқы сараптаманы жүргізу кезінде ішкі сараптама қағидаттарын, Қызмет қабылдаған шаралардың барабарлығы мен тиімділігін сақтау үшін ішкі сараптама нәтижелері талданады. Оның ішінде міндетті сараптамаға жататын жағдайлардың, сондай-ақ пациенттердің өтініштерін қарау жағдайларының ішкі сараптама нәтижелері талданады.
- 3. Ішкі сараптама нәтижелерінің негізінде Қызмет жұмысының сапасы мен объективтілігі туралы қорытынды шығарылады.

Ішкі және сыртқы сараптама

кезеңдері:

- 1) белгілі бір жұмыс кезеңіндегі денсаулық сақтау субъектісі қызметінің көрсеткіштерін өткен жұмыс кезеңінің көрсеткішімен, сондай-ақ халық денсаулығы жағдайының республикалық және облыстық көрсеткіштерімен салыстырмалы талдау мақсатында денсаулық сақтау субъектісінің есепке алу және есептілік құжаттарын талдау;
- 2) жүргізілген емдеу-диагностикалық іс-шаралардың егжей-тегжейлі ретроспективалық және (немесе) ағымдағы талдауын зерделеу арқылы олардың денсаулық сақтау саласындағы белгіленген стандарттарға сәйкестігі мәніне клиникалық аудит жүргізу;
- 3) азаматтардың медициналық көрсетілетін көмектің деңгейі мен сапасына қанағаттанушылығы деңгейін айқындау пациенттерге және/немесе олардың туыстарына сауалнама жүргізу арқылы және денсаулық сақтау субъектісінің қызметіне азаматтардың негізделген өтініштерінің саны бойынша жүргізіледі;
- 4) сараптама нәтижелерін талдау және қорыту;
- 5) сыртқы сараптама нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жоюға және алдын алуға бағытталған шараларды қабылдау.

Сараптама:

- 1) сараптама жүргізу сәтінде медициналық қызметтерді алатын пациенттердің медициналық құжаттамалары зерделенетін, қажет болған жағдайда пациентті тексеріп – қараумен ағымдағы талдау;
- 2) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасына сараптама жүргізу сәтінде медициналық қызметтерді алған пациенттердің медициналық құжаттамалары зерделенетін ретроспективалық талдау жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Медициналық құжаттарға талдау жүргізу кезінде мыналар бағаланады:

- 1) анамнез жинау сапасы;
- 2) диагностикалық зерттеулер жүргізудің толықтығы мен негізділігі;
- 3) емдеуге жатқызу кезеңінде жүргізілген зерттеулер нәтижелерін есепке ала отырып, бастапқы 3 күн ішінде қойылған клиникалық диагноздың дұрыстығы, уақтылығы мен негізділігі;
- 4) емдеуде болу, бұл нысанда медициналық қызметтерді (амбулаториялық-емханалық, стационарлық, стационарды алмастыратын) алу негізділігі;
- 5) мамандар консультацияларының уақтылығы мен сапасы;

- 6) емдік, оның ішінде диспансерлік, профилактикалық және оңалту іс-шараларының көлемі, сапасы мен өткізу негізділігі;
- 7) медициналық араласулардан кейінгі асқынулардың дамуы;
- 8) қол жеткізілген нәтиже;
- 9) медициналық құжаттарды жүргізу сапасы. Амбулаториялық-емханалық көмек деңгейінде қосымша диспансерлік, профилактикалық және оңалту іс-шаралары бағаланады.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы

- **Бағдарламаның мақсаты**
- Еліміздің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту.



Міндеттері

- Азаматтардың денсаулығын сақтау және санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту;
- Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту және жетілдіру;
- Медициналық және фармацевтикалық білімді жетілдіру, медицина ғылымын және фармацевтикалық қызметті дамыту.

Іске асыру мерзімі

- 2011 - 2015 жылдар
- бірінші кезең: 2011 - 2013 жылдар
- екінші кезең: 2014 - 2015 жылдар

Нысаналы индикаторлар

- Халықтың күтіліп отырған өмір сүру ұзақтығының 2013 жылға қарай 69,5-ке дейін, 2015 жылға қарай 70 жасқа дейін ұлғаюы;
- ана өлім-жітімінің 100 мың тірі туылғандарға шаққанда 2013 жылға қарай 28,1-ге дейін, 2015 жылға қарай 24,5-ке дейін төмендеуі;
- нәресте өлім-жітімінің 1000 тірі туылғандарға шаққанда 2013 жылға қарай 14,1-ге дейін, 2015 жылға қарай 12,3-ке дейін төмендеуі;

- жалпы өлім-жітімнің 1000 адамға шаққанда 2013 жылға қарай 8,14-ке дейін, 2015 жылға қарай 7,62-ге дейін төмендеуі;
- туберкулезбен сырқаттанушылықтың 100 мың адамға шаққанда 2013 жылға қарай 98,1-ге дейін, 2015 жылға қарай 94,7-ге дейін төмендеуі;
- 15-49 жас аралығындағы жас тобында АИТВ инфекциясының таралушылығын 0,2 - 0,6 шегінде ұстау

III. Қорытынды

- Қорытындылай келе, 2010 жылғы 29 қарашада Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы Мемлекеттік бағдарлама «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығын іске асыру мақсатында бекітілген. Медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 58–бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы заңнамасына сәйкес, денсаулық сақтау субъектісіне бармай-ақ бақылаудың басқа нысандары шеңберінде меншік нысаны мен ведомстволық тиесілігіне қарамастан, денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық қызметтердің сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.
-

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1. Кучма, В.Р Балалар және жасөспірімдер гигиенасы –М: ГЭОТАР Медиа, 2014
- 2. Бөлешов М.Ә Балалар және жасөспірімдер гигиенасы: оқулық Эверо 2015
- 3. Денсаулық сақтауды дамытудың “Денсаулық” 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы
- 4. Ерманова С.А Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы Ақ-Нұр ,2014
- 5. <https://www.yandex.kz/>